

ҚАЗАҚСТАН
тәуелсіздігінің

Қазақтардың 1812 жылғы Ресейдің Отан соғысына қатысуы.



Сабақтың тақырыбы: §16.Қазақтардың 1812 жылғы Ресейдің Отан соғысына қатысуы.

Сабақтың мақсаты: -1812 жылғы соғыс туралы хабарды қазақтардың қалай қарсы алғанын айтып түсіндіру.

-Ұрысқа қатысқандар туралы оқушыларға әңгімелеу.

-Ұлтаралық тәрбие оқушыларға қазақ халқы мен орыс халқының достығы тек шаруашылық пен мәдениет саларымен шектеліп қана қоймағанын көрсету.

-Оқулықпен өздігінен және топ болып жұмыс істеу дағдыларын дамытуды одан әрі жалғастыру.

Материалдар мен құралдар: «1812 жылғы Отан соғысы», «1813 – 1815 жылдардағы орыс армиясының шетелдік жорықтары», «XIX ғасырдағы Қазақстан» карталары. Интерактивті тақта.

Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Пән аралық байланыс: география, қазақ әдебиеті.

Сабақтың барысы:

I.Ұйымдастыру бөлімі. (оқушыларды түгелдеп, назарларын сабаққа аудару)

Сыныпты екі топқа бөлемін: I топ – Тәуелсіздік тобы, II топ – Болашақ тобы.

II. Үй тапсырмасын тексеру. §15. Бөкей хандығының құрылыуы.

I.«Зымыран» тест сұрақтары.

I топ – Тәуелсіздік тобына:

- 1.Ресей патшасына хат жазып, жер сұраған кім, нешінші жылы?
- 2.Қазақтар көшіп барған қоныстың аумағы қанша?
- 3.Ішкі Орда қай генерал – губернаторлыққа қарады?
- 4.1801 жылы Жайықтың оң жағасына қанша отбасы көшті?
- 5.1897 жылы Ресей империясының жалпыға бірдей алғашқы халық санағы бойынша Ішкі Ордада қанша қазақ болды?
- 6.Бөкей хан өмірден өткен жыл?
- 7.Бөкей ханнан кейін, хандықтың басына кім отырды?
- 8.Жәңгір ханды кәмелеттік жасқа толғанша тәрбиелеп оқытқан губернатор?
- 9.Жәңгір хан алты құнды қол жазба тапсырған университет?
- 10.Хан сарайы орналасқан жер қалай аталады?

II топ – Болашақ тобына:


- 1.Ресей патшасы I Павелдің Жайық бойына көшуге жарлығы шыққан уақыт?
- 2.Бөкей сұлтанның қол астындағы аймақ қалай аталды?
- 3.Әкімшілік тұрғысынан алғанда Ішкі Орда қай шекара комиссиясына бағынышты болды?
- 4.Жайықтың оң жағалауына қоныс аударуға қатты қолдау көрсеткен батыр?
- 5.Бөкей сұлтанға хан лауазымы берілген жыл?
- 6.Бөкей ханның мұрагері кім және әкесі өмірден өткенде ол неше жаста еді?
- 7.Жәңгір ханды кәмелеттік жасқа толғанша қайда жіберді?
- 8.Жәңгір хан қандай тілдерді меңгерген?
9. Жәңгір ханның жеке меншігіндегі жер үлесі?
10. «Хандық кеңесті» құраған билер саны?

Жылдар сөйлейді.

1. 1824ж	
2. 1827ж	
3. 1832ж	
4. 1835ж	
5. 1828ж	
6. 1841ж	
7. 1801-1845жж	
8. 1846ж	
9. 1872ж	
10. 1825ж	



Жәңгір ханның марапаттары



Тарихи тұлғаны танып біл.



III. Жаңа сабақ. § 16. Қазақтардың 1812 жылғы Ресейдің Отан соғысына қатысуы.

Жоспары:

- 1.Қазақстанның Ресей мен шекаралас аймақтарындағы ашаршылық,Орынбор және Жайық шекара шебінде и қазақ балаларын шоқындырып, христиан дініне кіргізу.**
- 2.Қазақтарды Жайықтың ішкі жағына жіберу туралы 1808 жылғы жарлық.**
- 3.Қазақтардың 1812 жылғы Отан соғысына қатысуы.**
- 4. 1812 жылғы Отан соғысы кезінде қазақтардың Ресейге көрсеткен көмегі тарихи маңызы.**
- 5.Сөздікпен жұмыс.**

1. Қазақстанның Ресей мен шекаралас аймақтарындағы ашаршылық, Орынбор және Жайық шекара шебінде қазақ балаларын шоқындырып, христиан дініне кіргізу. XIX ғ. бас кезінде кіші жүздің Ресей мен шекаралас аудандарында күрделі әлеуметтік – экономикалық жағдай қалыптасты.



**Жайық бойындағылардың
ашаршылыққа ұшырау
салдарынан, балаларын
аштықан аман алып қалу
үшін сатты**

**Орта Азияның
күл базарында қазақ
балалары саудаланды**

**Жайық және
Орынбор
казактары**

**Орыс шаруалары
мен көпестер**

**Хиуа көпестері 25 – 50
сомға дейінгі бағамен
сатып алған**

1808 жылғы 23 мамырда патшаның Орныбор әскери – губернаторның атына жеке жолдаған жарлығы шықты. «Ресейдің қол астындағы жағдайы еркін көтеретіндердің қазақ балаларын сатып алуына не айырбас жасауына рұқсат ету туралы» деп аталды.

2.Қазақтарды Жайықтың ішкі жағына жіберу туралы 1808 жылғы жарлық.

Патша үкіметі 1808 жылы 23 мамырда Орынбордың әскер губернаторы князь Г.С. Волконскийдің атына жолданған жарлық шығарды. «Орынбор шекара шебіне таяу көшіп – қонып жүрген қазақтар ішкі жаққа жіберу туралы».

Жайықтың оңжақ ішкі бетіне мынандай шартпен жіберу көзделді:

1.Қазақтар ішкі жаққа өткен соң тек қана башқұрттардың, яғни мұсылмандардың арасына жайғасуы тиіс.

2.Ішкі жаққа өткен әрбір қазаққа жер телімдері беріледі және жыл бойы қандай да алым - салықтан босатылады.


3.Ішкі жаққа қоныс аударушылар аң аулауға ғана жарайтын садақ пен жебеден өзге ешқандай қару – жарақ түрлерін алып өтпейтін болуы тиіс.

1818ж башқұрт әкімшілік аумағында «Байсақал» деген атпен қазақ ауылы пайда болған. Мұнда 300 – ге жуық қазақ тұрған.

1820 ж шекара шебінің ішкі жағына өткен қазақтардың саны 20 мыңға жеткен.



ХІХ ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ



- Ресей империясының аумағы
- ХІХ ғасырдың басындағы Ресей империясының құрамына кірген Қазақстан аумағы
- ХІХ ғасырдың 20-40-жылдарында Ресей империясының құрамына кірген Қазақстан аумағы
- Іргелес мемлекеттер аумағы
- Бөкей ордасының өкімшілік шекаралары (1801 ж. басында)
- Сыртқы округтер орталықтары

- Сыртқы округтер шекаралары (1820-1824 жж.)
- Батыс, орталық және шығыс бөліктеріне бөлінген Орынбор қазақтары жерінің шекаралары (1821-1868 жж.)
- Сібір қазақтары жерінің шекаралары (1822-1854 жж.)
- Жер шаруашылығының кең тараған аудандары
- Жәрменкелер мен сауда орталықтары
- Қамалдар

- Рудниктер
- Тұз кәсіпшіліктері
- Сауда жолдары
- Іргелес мемлекеттер шекаралары
- Қазақстан Республикасының қазіргі шекарасы

Масштабы: 1:12 500 000 (в 1 см 125 км)
 км 125 0 125 250 км

Ескерту: картада өзендер мен су қоймаларының қазіргі аттары көрсетілген.

3. Қазақтардың 1812 жылғы Отан соғысына қатысуы.



I Наполеон Бонапарт (1769 – 1821жж)
Француз әскери қолбасшысы,
император. 1812 жылы Ресейге әскери
жорық жасайды.





1812 жылы I Наполеонның армиясы Ресей аумағына басып кірді. Орыс халқының, Ресей құрамындағы басқа да халықтардың француз басқыншыларына қарсы соғысы Отан соғысы деп аталады.

1812 ж 6 шілдеде Ресей патшасы I Александр арнайы үндеу қабылдайды. Онда ел азаматтарын Отанды қоғауға шақырды. Үндеу түрлі халықтар тіліне аударылды. Орынбор губернаторы Г.С.Волконский Ресей мен Франция арасында соғыс басталғандығы туралы хабарды 1812 жылы қазан – қараша айларында ауылдарға жеткізді.

Ресей мемлекетін қорғау үшін:

1.Орынбор өлкесінен 31 атты әскери полк аттанды

Олардағы әр түрлі халықтардың өкілдері

2.Орынбор казактарының 5 полкі

3.Жайық казактарының 5 полкі

4.Башқұрттардың 19 полкі қазақтарда осы полкте болды.

5.2 теңгяр полкі

1812 жылы Отан соғысына қатысып ерлік көрсеткен қазақтар.

Ұрысқа қатысушылар	Қандай ұрысқа қатынасты?	Қалай ерекшеленеді?
Майлыбайұлы	Бородино шайқасына	Күміс медаль
Қарынбай Зындағұлұлы	Бородино шайқасына	Жасыл ленталы медаль
Мұрат Құлшоранұлы мен Ерші Азаматұлы	Малаева Белого мен Левия деревнялары түбіндегі шайқастарға	Хроунжий шені берілді
Боранбай Шуашбайұлы мен есаул Ықсан Әубәкірұлы	Ромонова жеріндегі шайқаста	3-дәрежелі Анна ордені
Сағит Хамитұлы Нарынбай	Вязьмо түбіндегі шайқаста	Георгий орденінің толық кавалері
Жанжігітұлы мен Әмен Байбатырұлы	Башқұрт полкі құрамында Лейпциг пен Глогау шайқастарында	Ерлікпен шайқасты
Яков Беляков	Орынбор полкі құрамында Лейпциг, Ганау түбінде	Кутузовтың қолынан орден алды

4. 1812 жылғы Отан соғысы кезінде қазақтардың Ресейге көрсеткен көмегі.

Ішкі Орданың, Кіші жүзбен Орта жүздің қазақтары орыс армиясына Отан соғысы кезінде: киіз үйлер, жылы киімдер, жылқылар берген.

1.Ішкі Орда қазақтары

2.Шығыс Қазақстан Риддер,
Зырян кеніштері

3.Елтон тұз кенішінен

47,2 мың жылқы

22 мың сом ақша

Миллион пұт тұз жіберген





FULLHD001.RU

1992 жылдың 25 мамырында Мәскеуде Ресеймен достық ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа қол қойылды.




5. Сөздікпен жұмыс.

Менталитет – қоршаған ортаға қалыптасқан көзқарас жүйесі.

Отан соғысы – Отанды сыртқы жаудан қорғап қалуға бағытталған азаттық соғыс.

Тамыр – Дос – жар болу. Қазақтар мен ішкі Ресейден қоныс аударып келген орыс шаруалары арасында қалыптасқан шаруашылық – тұрмыстық байланыс, ынтымақтастық пен достық қарым – қатынастың көрінісі.



Бекіту тапсырмалары.

Сұрақтар	Ия	Жок
1. 1815 ж Ішкі Орда қазақтары 50 мың жылқы жөнелтті.		
2. 1812ж 6 шілдеде І Александрдың үндеуі шықты.		
3.Қазақтар 1812ж Отан соғысына қатысқан жоқ.		
4.Бородино шайқасындағы ерлігі үшін Майлыбайұлы күміс медальмен марапатталды.		
5. Яков Беляковтың ұлты орыс.		
6.Башқұрт аумағындағы қазақ ауылы “Байсақал” деп аталды.		
7. 1812ж Ресей мен Англия соғысты.		
8.Сатылып алынған қазақтың балалары христиан дінін қабылдады.		
9. Орынбор генерал – губернаторы М.И.Платов.		
10.Орыстың әскери қолбасшысы М.И.Кутузов.		

Тарихи диктант.

1. Елтондағы тұз кеніштеріндегі қазақтар армияның мұқтажын өтеу үшін
----- жіберді.

2. Ержүрек жауынгерлер

----- хорунжий шені берілді.

3. Вязма түбіндегі шайқаста көрсеткен ерлігі үшін
----- үшінші

дәрежелі қасиетті Анна орденімен марапатталды.

4. Башқұрт құрамаларының қатарында соғысқан Нарынбай
Жанжігітұлы ----- ие болды.

5. ----- Лейпциг пен Глогау түбінде
болған шайқастарда көрсеткен ерлігі үшін күміс медальмен
марапатталды.



Бағалау.

Үй тапсырмасы § 16.

